

16 қыркүйек,  
Сәрсенбі,  
2020 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# ОЙЫЛ

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

## ЖОЛ ДА - КӨШЕНІҢ КӨРКІ!

«АУЫЛЫНА ҚАРАП, АЗАМАТЫН ТАНЫ» ДЕГЕН ҰҒЫМ БЕКЕРГЕ АЙТЫЛМАСА КЕРЕК. ӨЙТКЕНІ АУЫЛДЫҢ АЖАРЫ ЖЕРГІЛІК ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТІРЛІГІНІҢ КӨРІНІСІ. БІЗДІҢ АУДАНДА ЕШҚАНДАЙ ӨНДІРІС КӨЗІ БОЛМАҒАНЫМЕН ТҰРҒЫНДАР ТӨРТ ТҮЛІГІН ТҮЛЕТІП, БАУ-БАҚША САЛЫП, КӘСІП ЕТУГЕ ӨБДЕН МАШЫҚТАНҒАН. СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҮЙЛЕРІНІҢ СЫРТЫН СЫРЛАУ, ӘКТЕУ, ҚОРШАУЛАРЫН ЖАҒАРТУ СЫНДЫ ЖҰМЫСТАР ҚАРҚЫНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА. АЛ, АУДАНЫҢ ІШКІ ЖОЛДАРЫН АСФАЛЬТТАУ ЖОБАЛАРЫ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАТТЫ ҚУАНТТЫ.



Биылғы жылы ауданымызда ауқымды жүзеге асқан жобалардың бірі деп көше-жол желісін жөндеу жұмыстарын айтуға толықтай негіз бар. Оның айшықты көрінісі соңғы жылдары автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары дұрыс жолға қойылып, нәтижесінде шалғай ауылдарға баратын жолдармен қатар, ауданның ішкі көшелері де асфальтталып жатыр. Бұған дейін автокөліктер асфальт төселмеген

көшелермен жүргенде қиындыққа тап болатын еді. Кедір-бұдыр, ойқышойқы жолдар техникаға да, жүргізушілерге де ауырталықтар әкелетін. Енді міне, асфальт төселген тақтайдай жол бойымен жүру жеңіл өрі тиімді болып отыр. Нақтырақ айтсақ, алдымен «Көкжар» көшесінің ескі асфальті жаңартылып, кеңейтілді. Бұл негізгі көшені жөндеу жөнінде аудан тұрғындары көптен бері айтып жүрген бола-

тын. Жолдың сапасы мықты болуы үшін асфальттың астына қиыршық тас аралас құм қоспасын төседі. Сонымен қатар, «Жұмыспен қамту» 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында Ә.Молдағұлова көшесі мен А.Иманов көшесі асфальтталса, «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы бойынша Көкжар, Бақаев, Желтоқсан көшелері толықтай асфальтталып болды. Жалпы

ауданымызда 26,946 метрді құрайтын 30 көше бар. Қазірге таңда оның 58% пайызы асфальтталған. Күні кеше ғана мердігерлер асфальтталған көшелерге жол белгілерін орнатып, жолақтар сызу сияқты жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, атап өтсек, қыркүйек, қазан айларында Шернияз көшесін асфальттау жұмыстары күтілуде.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл селосы.

## АУДАНЫҚ МЕШІТ 3 БАЛАҒА ПЛАНШЕТ СҮЙЛАДЫ

БИЫЛ КОРОНАВИРУС ПАНДЕМИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БІЛІМ ОШАҚТАРЫ ҚАШЫҚТАН ОҚИТУҒА КӨШТІ. БҮЛ ҚАУІПТІ ІНДЕТТІҢ ДЕНДЕП КЕТПЕСІ ҮШІН, БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН ЖАҒДАЙ ЕКЕНІ БАРШАҒА МӘЛІМ. АЛАЙДА ҚАШЫҚТАН ОҚУ ҮШІН ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІСІМЕН ҚАТАР БАЛАЛАРҒА КОМПЬЮТЕР НЕМЕСЕ ПЛАНШЕТ, СМАРТФОНДАР ҚАЖЕТ.



Өлбетте балаларының білім алуы үшін мұндай жағдайды жасап беру аз қамтылған, көп балалы отбасыларға ауыр тиетіні шындық. Олар қашанда өлеуметтік қолдауды қажет етеді. Осы орайда қазіргі жағдайда қашықтан оқуға байланысты аудандық мешіт атынан үш балаға планшет тарту етілді. Осындай іске ұйытқы болған аудандық мешіт имамы Нұрсұлтан Серікұлы «Қауіп-қатер айтып келмейді. Сондықтан қазіргі жағдайда біз қашанда бірігіп, сақтанып, сабырлы болуымыз керек. Қиналғанға көмектесу мұсылмандық парызымыз. Біз

планшетті мешіт жамағаты мен демеушілерден түскен қаржы есебінен тарту еттік. Балаларда біраз қуанып қалды», - дейді. Расында, «Жерде бір бала қуанса, көкте мың періште шаттанады» - деген сөз бар дана халқымызда. «Берсең балаға бер» - деп ел ертеңі баланың бақытты балалық шағына көп көңіл бөлген. Ендеше соңымызға саналы ұрпақ қалдыру үшін балаға қандайда сый тартсақ та артық етпес.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл селосы.

## ҚҰРМЕТТІ ОЙЫЛДЫҚТАР!

«Nur Otan» праймеризіне тіркелген кандидаттардың жария пікір сайыстары 17, 18 және 25 қыркүйек күндері өтетінін хабарлайды. Партияның Ойыл аудандық филиалының инстаграмдағы nurotan\_oiil парақшасынан тікелей эфир арқылы тамашалай аласыздар.

## КӨНЕ МЕШІТТЕР - ТАРИХТЫҢ КУӘСІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ «РУХАНИЯТ» ПАТРИОТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ КЛУБЫ ТАРАПЫНАН ОБЛЫС АУДАНДАРЫ АУМАҒЫНДА «РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ «РУХАНИ ҚАЗЫНА» КІШІ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ «ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА 2017 ЖЫЛДАН БЕРІ, ТҰРАҚТЫ ТҮРДЕ ҮЙІМДАСТЫРЫЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН «АМАНАТ» ОБЛЫСТЫҚ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ БИЫЛҒЫ БАҒДАРЛАМАСЫНА САЙ ОЙЫЛ АУДАНЫ АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛДІ.



Сол кезеңдегі рухани орталық – мешіттер, киелі орындар, қастерлі қорымдар орындарын анықтау, оларға танымдық және ғылыми-зерттеулер жүргізу, облыс аумағындағы XIX және XX ғасырдың алғашқы ширегінде имандылық – ағартушылық жұмыстар жүргізген жергілікті діни қайраткерлер, ағартушы тұлғалардың өмірі мен қызметі жөнінде деректер жинап іздестіру мақсатында Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі жанынан құрылған «Аманат-2020» облыстық танымдық, ғылыми-зерттеу экспедициясы 2020 жылдың 26-28 тамыз күндері Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми-жетекшісі Қыдырғали Ермұхан, облыстық тарихи-өлкетану музейі жанындағы «Руханият» танымдық клубының жетекшісі, өлкетанушы, зерттеулік экспедиция жетекшісінің орынбасары Жібек Абдуллина, Ойыл аудандық музейдің директоры Балқия Рысбаеваның қолдауымен Ойыл ауданының Көптоғай, Сарбие, Қараой селолық округтері аумағында жүргізілді.

қайраткерлердің ұрпақтары атсалысты. Экспедиция нәтижесінде Көптоғай ауылдық округінің оңтүстік бағытында, Ойыл өзенінің сол жақ жағалауында 25 шақырым жерде орналасқан біздің заманымыздың II-IV ғасырларына

жататын сақ – сармат кезеңіндегі ғибадатханасын анықтау мақсатында барлау жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар, XIX ғасырдың мұрасы болып қалған «Самай» қорымындағы құлпытастар оқылып, «Самай қожа» бейіті анықталды. Құлпытастарды археология және этнографиялық қамтамасыз ету бөлімінің аға ғылыми қызметкері, арабист Қонысбай Рақбаев оқыды.

Шұбарши ауылының солтүстігінде 2 шақырым жерде орналасқан «Ерғали» қажы кесенесі мен XIX ғасырда өмір сүрген «Үргешбай» мазарына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, Қараой ауылдық округінің шығысында 13 км жерде орналасқан Лай етегінде мешіт салдырып, қазақ жерінде кеңес өкіметі орнағанға дейін мешіт ұстаған Қазмағамбет хазірет (1857-1917ж.ж) туралы мәліметтер алынып жинақталды. Қазмағамбет хазірет ата қорымының шығыс солтүстігінде 15 шақырым жерде орналасқан XIX ғасырға тән ұзындығы-200 метр, ені – 150 метр «Ақмола» қорымы зерттелді. Архитектурасы ерекше ақ борлы, сазды балшықтан салынған күмбезді мазарлар бүгінгі күнге дейін сақталған. Бұл қорымда Ысық пен Таз рулары жерленгені анықталды.

Қараой ауылының солтүстік-батысында орналасқан Алтайтау жеріндегі Шалабай хазіреттің мешіт ұстап, бала оқытқан жері анықталды. Жақсыбай-

көл ауылының солтүстігіндегі 2 км жерде «Ермұхан» мешіті орналасқаны да анықталды. Оңтүстік бағытындағы Құлақши №1, №2, №3 қорымдарына іздестіру, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл қорымдарда Шеркеш, Таз, Кете рулары жерленгені анықталып, Ташмұхамбет қажының көкмешітінің орны зерттелді. Қараойдың оңтүстік батысындағы тарихи жер Қызылқорғанда репрессия құрбаны болған Сисенғали хазірет Қарағұлов мешітінің орны анықталып, фото, бейне түсірілім жасалды.

Сарбие ауылдық округінің зейнеткер педагогы, жергілікті өлкетанушысы – Кереев Мұхитпен сұхбат жүргізілді, «Шынтай» өулие қорымына іссапар барысында ата қорымы, ұрпақтарымен жүздесіп кең көлемде мәлімет алынды. «Аманат-2020» облыстық танымдық, ғылыми-зерттеу экспедициясы өз мақсатында ондаған мешіт орындары мен 20-ға жуық көне құлпытас жазбаларын зерттеп, фотосуреттер мен бейне түсірілімдер жасады, музей қоры тарихи деректермен толықты. Экспедиция мүшелері аудан өкімдігіне және округ өкімдеріне өз алғыстарын жеткізді.

Дулат ИСАБАЕВ,  
Ш.Берсиев атындағы  
Ойыл аудандық өнер және  
өлке тарихы музейінің ғылыми  
қызметкері, өлкетанушылар  
клубының мүшесі.



ПІКІР СӨЙЛЕС ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ  
ОЙЫЛ АУДАНЫ  
"ӨЛКЕТАН" КҰРМАН НӘУЕСІ №504

№3 топ  
17.09.2020ж. 10.30

Кумузахов Мезет Ернұсұлы Өлең-өлеуі ұсауына  
Нұраманов Сағатбай Қуарман Өлең-өлеуі ұсауына  
Жиналин Еркін Жумағалиевич Өлең-өлеуі ұсауына  
Бисекенова Гулнара Берікқызы БІҮ "Көксері"  
Табылбаева Айгана Түрмератуова БІҮ "Көксері"  
Майсанов Абзал Сағатбайұлы БІҮ "Көксері"

№3 топ  
17.09.2020ж. 15.30

Бақтығалиева Айнура Байқаровна Өлең-өлеуі ұсауына  
Әліп Құлжамақ Әлібекқызы БІҮ "Көксері"  
Найден Мейрхан Дулатұлы БІҮ "Сарбие"  
Ескалнева Бақыт Мұбарқонова Өлең-өлеуі ұсауына  
Албисенова Айтпазир Забылқалиевна БІҮ "Қайназ"

№3 топ  
18.09.2020ж. 10.30

Оразалиев Қайрат Абдыкеремов Өлең-өлеуі ұсауына  
Берекенов Берік Жексенбаевич БІҮ "Көксері"  
Зукарпаева Алмагул Талпақалиевна Өлең-өлеуі ұсауына  
Акселдин Орхан Қанатұлы Өлең-өлеуі ұсауына  
Қарасаев Бекжан Қаримович Өлең-өлеуі ұсауына

№4 топ  
18.09.2020ж. 15.30

Қарағұлов Берікбай Жаңбырбайұлы Өлең-өлеуі ұсауына  
Жақып Жұмабай Жаралтасынұлы Өлең-өлеуі ұсауына  
Жайлыбаев Минсібай Сайынович Өлең-өлеуі ұсауына  
Асылбеков Айбек Бақытұлы БІҮ "Жібек жол"  
Омарова Мейрамул Бақтығалиевна БІҮ "Көксері"

№5 топ  
25.09.2020ж. 10.30

Алипова Нургул Саденовна Өлең-өлеуі ұсауына  
Хамзин Жақсылық Самитұлаевич БІҮ "Көксері"  
Қаламағамбетов Бижан Қуанышкеремович Өлең-өлеуі ұсауына  
Нұрбаев Сандибек Мухамбетжанович Өлең-өлеуі ұсауына  
Салфиқов Талғат Маратович Өлең-өлеуі ұсауына

## ТІЛІ БІРДІҢ - ТІЛЕУІ БІР!

ТІЛ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ. БАБАЛАР АМАНАТТАҒАН ҚАСИЕТТІ, КИЕЛІ, БАҒА ЖЕТПЕС АСЫЛ МҰРА. ҚАЙ ЗАМАНДА БОЛСЫН БАБАЛАРЫМЫЗ ҚАСИЕТТІ ТІЛДІҢ ҚАДІРІН КЕТІРМЕГЕН. БІР СӨЗГЕ ТОҚТАҒАН ЕРЛЕРІМІЗ, АНА ТІЛІМІЗДІҢ АБЫРОЙЫН БИІК ҰСТАҒАН. ЖАУРЫНЫ ЖЕРГЕ ТІСЕ ДЕ, ТІЛІН, ДІНІН ЖАУҒА ТАПТАТПАҒАН КЕШЕГІ КЕР ДӨНЕН МІНІП, КІРЕУКЕ КИГЕН БАТЫР БАБАМЫЗ. БАБАДАН ҚАЛҒАН МҰРАНЫ АРДАҚТАУ ЕНДІГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА, ҮЛКЕНДЕРДІҢ МОЙЫНЫНДА ЖҮК БОЛМАҚ.

Ана тіліміздің аспандауы еліміздің қарыштауына септік екенін ойлағанымыз жөн. Еліміз деп етікен су кешкен, тіліміз деп табаны тіліміз-тіліміз болған Алаш арыстарының жолын жалғау ел үшін, тіл үшін күресу біздің азаматтық міндет, перзенттік пары. Тілдер күні мерекесіне орай «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында Қазақстан халқы тілдер мерекесіне арнайы шара болып өтті. Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының мерекеге сөйкес «Үш тұғырлы тіл саясаты-жастардың жарқын болашаққа жолы» атты эссе байқау ұйымдастырылған болатын. Ауданымыздың жастары белсенді қатысып шығармаларын жолдады.

Қазылардың шешімімен үздік шыққан үш эссе жеңімпаз атанды. Түйіндей келе, бұл шаралар осы мерекеміз ғана шектеліп қалмай, өрі қарай өз жалғасын табады деп ойлаймыз. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан-дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатай ма?» - деп тура айтқан. Олай болса, тіліміздің қадірін арттыру, шырайын шығару бізге міндет екенін ұмытпайық.

Нұрсұлтан ЖУМИН,  
Ойыл аудандық  
жастар ресурстық  
орталығының психологы.

«ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ЖӘНЕ НОТАРИАЛДЫ КУЭЛАНДЫРЫЛМАҒАН МӘМІЛЕ ЖАСАУ»

Мемілердің тек үш түрі бойынша: сатып алу-сату, сыйға тарту, беру шарттары негізінде. 2020 жылдың 11 мамырынан бастап Мемлекеттік корпорацияның барлық филиалдарында ХҚКО-да «нотариалды куәландырылмаған мәміле жасау және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу» қызметі іске қосылды. Осы қызметке сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бір күн ішінде электронды түрде жүргізіледі. Жылжымайтын мүлікке құқықтардың (ауыртпалықтарды) туындауына, өзгеруіне және тоқтатылуына бағытталған мәмілелердің басқа түрлері (айырбастау, жалдау, жалға алу және т.б.) бойынша «жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу» мемлекеттік қызметі үш жұмыс күні ішінде көрсетіледі. Нотариалды куәландырылмаған (жай) мәмілені жасау бойынша қызмет «жеке және заңды тұлғалар үшін нотариалды растаусыз шарт жобаларын жасай отырып, жылжымайтын мүлікке құқықты тіркеу бойынша дайын құжаттарды кейіннен бере отырып, құжаттар топтамасын қалып-тастыру» қызметін ескере отырып, Мемлекеттік қызметтер көрсету дирекциясы директорының м.а. 29.07.2016 жылғы № 59 бұйрығымен бекітілген баға преискуррантында көзделген мөлшерде ақылы негізде көрсетіледі (шарттарды жасау (мөтін беру) коммерциялық қызметке жатады).

Нотариалды куәландырылмаған (жай) мәмілені жасау үшін Тараптар мынадай құжаттарды ұсынады: 1) жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжат (құжаттар); 2) жылжымайтын мүлік объектісіне техникалық паспорт; 3) жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты (жер учаскесі болған кезде); 4) уәлетсіз меншіктің барлық қатысушыларының жылжымайтын мүлікті иеліктен шығаруға келісімі (нотариалды куәландырылған өтініш); 5) басқа жұбайдың жылжымайтын мүлікті иеліктен шығаруға нотариалды куәландырылған келісімі не иеліктен шығарылатын және сатып алынатын мүліктің меншік иесі некеде тұрмайтыны туралы өтініш; 6) егер жылжымайтын мүліктің иесі кемелете толмаған немесе өрекет қабілеті

шектеулі адам болып табылса, кемелетке толмаған немесе өрекет қабілеті шектеулі адамдардың қорғаншы және қамқоршы органдарының, қамқоршыларының жазбаша келісімі; Көрсетілген құжаттардан басқа, заңды тұлғалар 1),2),3),4) 7) құрылтай құжаттарын (жарғы, Ереже, құрылтай шарты), жалғыз қатысушының шешімі не Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде не құрылтай құжаттарында көзделген жағдайларда жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға немесе иеліктен шығаруға құрылтайшылар (қатысушылар, Директорлар кеңесі, акционерлер кеңесі) жиналыстарының хаттамалары (олардан үзінділер) ұсынады. Шетелдік заңды тұлғалар сауда тізілімінде заңдастырылған үзінді көшірмені немесе шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа заңдастырылған құжатты мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынады. Егер сатып алынатын немесе сатылатын активтердің баланстық қыны Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасында белгіленген мөлшерден асып кеткен жағдайда, жеке және заңды тұлғалар жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа антимонополия органының жазбаша келісімін ұсынады. Мемілеге қатысушылар Шарттың дайын жобасын ұсынған жағдайда мәмілені жасаған тұлғалардың (олардың уәкілетті өкілдерінің) қолдарының түпнұсқалығын, олардың өрекет қабілеттілігін (құқық қабілеттілігін), сондай-ақ олардың ерік білдіруіне сәйкестігін тексеруді ХҚКО қызметкерлері жүзеге асырады. Меміле тараптарының қолдарының түпнұсқалығын тексеру рәсімінің аяқталғанын растау ХҚКО-ның жауапты қызметкерінің белгі және қол қою болып табылады. Бір күн өткеннен кейін электрондық мекенжайға және құқық иеленушінің (-лердің) жеке кабинетіне электрондық үкіметтің веб-порталына жүргізілген тіркеу не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру туралы хабарлама жіберіледі.

Нормативтік құқықтық акті 08.09.2020 жылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 7403 болып енгізілді

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

2020 жылғы 4 қыркүйек №29 Кемер селосы

Саралжын ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 21 қазандағы № 13 «Саралжын ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 26 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2020 жылғы 27 шілдедегі қорытындысына сәйкес және халық пікірін ескере отырып, Саралжын ауылдық округінің өкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Саралжын ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 21 қазандағы №13 «Саралжын ауылдық округінің елді мекендерінің көшелеріне атау беру туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-11-100 тіркелген, 2011 жылғы 17 қарашада аудандық «Ойыл» газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

- 1 тармақтың 2) тармақшасындағы «Ботагөз-1» сөзі «Алаш» сөзімен ауыстырылсын;
3 тармақтың 2) тармақшасындағы «Ботагөз» сөзі «Бекет ата» сөзімен ауыстырылсын.
2. «Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Ойыл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Саралжын ауылдық округінің әкімі А.Мубаракوف

Нормативтік құқықтық акті 08.09.2020 жылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаментінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 7403 болып енгізілді

РЕШЕНИЕ АКИМА САРАЛЖИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА

№29 от 4 сентября 2020 года село Кемер

О внесении изменений в решение акима Саралжинского сельского округа от 21 октября 2011 года №13 «О присвоении наименований улиц населенных пунктов Саралжинского сельского округа» В соответствии со статьей 35 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» со статьей 26 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 февраля 2014 года №138 «Об утверждении Правил учета мнения населения соответствующей территории, переименования административно-территориальных единиц, составных частей населенных пунктов, а также уточнения и изменения транскрипции их наименований», заключением Областной ономастической комиссии при акимате Актюбинской области от 27 июля 2020 года и с учетом мнения населения, аким Саралжинского сельского округа РЕШИЛ:

- 1. Внести в решение акима Саралжинского сельского округа от 21 октября 2011 года №13 «О присвоении наименований улиц населенных пунктов Саралжинского сельского округа» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №3-11-100, опубликованное 17 ноября 2011 года в районной газете «Ойыл») следующие изменения:
в подпункте 2) пункта 1 слово «Ботагөз-1» заменить словом «Алаш»;
в подпункте 2) пункта 3 слово «Ботагөз» заменить словом «Бекет ата»;
2. Государственному учреждению «Аппарат акима Саралжинского сельского округа» в установленном законодательством порядке обеспечить:
1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области;
2) размещение настоящего решения на интернет-ресурсе акимата Уилского района после его официального опубликования.
3. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
4. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким Саралжинского сельского округа А. Мубаракوف

ТҰМАУДАН САҚТАНУ ҮШІН...

Тұмау – адамнан адамға ауа-тамшылы және қарым-қатынас жол арқылы тарайтын жұқпалы вирусты инфекция. Инкубациялық (инфекция жұқтырған мезеттен аурудың симптомдары көрініс беретін) жасырын кезеңі бірнеше сағаттан 7 күнге дейін созылады. Аурудың басталуы жедел, интоксикация синдромымен сипатталады. Бірнеше сағат ішінде дене температурасы 39-40 С дейін көтеріліп, маңдай тұсының өсіресе қабақ үсті аймағының ауырсынуы, бас айналу, әлсіздік, бұйындар мен сүйек-бұлшық еттерінің ауырсынуы сиптомдары пайда болады. Тұмаудың эпидемиологиялық маусымы едетте жыл сайын желтоқсан айынан белең алып, сәуір айын қоса алған мерзімге жалғасады. Тұмау еңбекке қабілеттілікті едәуір төмендетіп, асқынуларымен (орталық жүйке, жүрек-қан тамыр жүйелерінің зақымдалуы, пневмония және кей жағдайларда өліммен аяқталады) өте қауіпті. Бұған қоса, биыл коронавирусы инфекциясының оның «екінші толқыны» тұмау инфекциясының эпидемиологиялық маусымында болжанып отыр. Бұл жағдайда, аталған екі аурудың қоздырғыштары адамның ағзасына түскен жағдайда иммунитет жүйесіне орасан күш түсіп, денсаулық жағдайы одан өрі ауырлатыу мүмкін. Сондықтан былғы орын алған эпидемиологиялық жағдайда тұрындарды, оның ішінде осал топқа жататын

адамдарды тұмауға қарсы вакцинациялау өте маңызды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамына сәйкес тұмау вирусының келесі штаммдары айналымда болады деп күтілуде, олар: А (H1N1) – «Guangdong-Maonan», А (H3N2) – «Hong Kong» және В – «Виктория желісіндегі Washington» түрлері. 2019 жылғы 1 қазанынан бастап бүгінгі күнге дейін тұмаумен - 221 адам науқастанған (жүкті әйелдер – 46, 1 жасқа дейінгі балалар – 5, мектеп оқушылары – 39), оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында - 103 жағдай. ЖРВИ-ның 7567 жағдайы тіркелді (АК – 891,8), оның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында - 3700 жағдай (АК – 1518,9). Үстіміздегі жылдың қыркүйек айына жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа 98436 доза Ресейде өндірілген «Гриппол+» вакцинасы сатып алынды. Биыл жоғарыда айтылған эпидемиологиялық жағдайға байланысты облысымызда тұмауға қарсы вакцинациялау науқаны едеттегінен 1 ай бұрын 15 қыркүйектен басталуы жоспарланды. Иммундау облыстың барлық қалалық аудандық емханаларда жүргізіледі. Облыста 68 жылжымалы бригадасы жасақталған. Профилактикалық егулер жүргізу алдында егілетін адамға міндетті түрде термометрия жүргізіледі. Егілген адамдар вакцина

Ойыл аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы



циялаудан кейінгі реакциялар мен асқынулар пайда болған жағдайда шаралар қабылдау үшін профилактикалық егулер алған медициналық ұйымда 30 минут бойы бақылауда болады. Профилактикалық егулерді жылжымалы егу бригадасы жүргізген жағдайда егілген адамдар егуді жүргізген медицина қызметкерінің бақылауында болады. Анықтама: жергілікті бюджеттен ақысыз вакцинациялауға жататын адамдар: медицина қызметкерлері, медицина ұйымдарында диспансерлік есепте тұрған балалар, өлсіз және алты айдан асқан көп ауыратын балалар, балалар үйлері, сәбилер үйлері балалары, қалтар үйі контингенті және мүгедектері, жүктіліктің екінші немесе үшінші триметріндегі жүкті әйелдер, жүрек-тамыр жүйесінің созылмалы аурулары бар адамдар және эпидемиялогиялық көрсеткіштері бойынша (60 жасқа асқан адамдар,

мектеп интернат және жалпы білім беру мекемелерінің оқушылары және т.б.). Тұмау профилактикасы: 1. Өзін-өзі емдеумен айналыс-пау. Егер Сіз ауырып қалсаңыз – дәрігерді үйге шақырту қажет; 2. Қоғамдық жерлерде маска қолдану қажет; 3. Таза ауада жиі серуендеу, саябақтарда жүру, тыныс – алуды реттеу, өкпенің вентиляциясын жоғарылатады, қан айналым жүйесін жақсарттады; 4. Жеке бас гигиенасын сақтау, жиі қолды сабынмен жуу және дезинфекциялық заттармен сүрту; 5. Үйді және жұмыс орнын жиі желдетіп тұру; 6. Тамақтану барысында «С» дәрумені бар өнімдерді қолдану (лимон, бал, таңқурай және т.б.). 7. Дене шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде жасау тұру.

ҰБТ – ТАЛАП КҮШЕЙДІ, ТҮСІНІК ТЕ БАР, КЕМШІЛІК ТЕ ЖЕТКІЛІКТІ!

Биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу ерекше болды. Бастысы, ашықтық пен әділдікті барынша қамтамасыз етуге тырыстық. Мемлекеттік білім гранттары тағайындау конкурсы аяқталды, енді қорытынды жасауға болады. Өткен жылы академиялық адалдықты қамтамасыз ету үшін ережелерді қатаңдату туралы шешім қабылдадық.

Осылайша, қолданып үлгерсе де, үлгермесе де тыйым салынған заттармен тестілеуге кірген талапкерлердің нәтижелерін жою туралы жаңа нормалар пайда болды. Тіпті, бұл заттарды алып кіруге өрекет еткендер емтиханға жіберілмейтін болды. Бұрын металл іздегіш құралдар арқылы тексеру кезінде телефон табылса, алып қалатын едік, бірақ талапкер тестілеуге қатыса беретін. Мұндай өреже бұзылулар саны еліміз бойынша 100-150 мыңнан асатын. Егер емтихан кезінде телефонмен ұсталып қалса, комиссия оны қолданып үлгергенін дәлелдеуі керек еді. Бұл жағдай ҰБТ-ны өткізу рәсіміне деген сенімсіздікке өкел соқтырды. Сондықтан жаңа ережелерді құрастырғанда барлық мәселені ескердік. Нәтижесінде, тыйым салынған заттарды емтиханға кіргізуге өрекет ететіндер саны 70 есеге азайды, 2019 жылы 128 мыңнан астам телефон табылса, 2020 жылы олардың саны 2500-ге жуық болды. Алайда емтихан қорытындысын жою фактісі 100 есеге көбейді: 2019 жылы 128 мың телефон алып кіру фактісі орын алып, 24 талапкердің ғана ҰБТ нәтижелері жойылса, ал 2020 жылы тыйым салынған заттар табылған барлық 2500 адамға қатаң шара қолданылды. Иә, ҰБТ-ның орташа ұпайы төмендеді, пайыздық мөлшерде шекті балл жинаған талапкерлердің саны едәуір азайды. Бұл – тестілеудің әділ өтуі үшін жасалған қадам. Биыл ҰБТ өткізу ережелерін бұзғаны немесе жұмысты

нашар ұйымдастырғаны үшін 20-дан астам комиссия мүшелері мен басшылар жазаланды. Күн сайын ҰБТ пункттерінде комиссиялардың құрамына өзгертулер енгізу, міндетіне немқұрайлы қараған өріпестерімді ауыстыруға немесе бұл жұмыстан шеттетуге тура келді. Бұған қоса, бірнеше пунктте жаппай бұзушылықтардың ашық және өрежелер турде орын алуына байланысты тестілеуді мүлдем тоқтатуға және басқа күндерге ауыстыруға мәжбүр болдық.

Мұндай жағдай Шығыс Қазақстан мен Түркістан облыстарында кездесті. Дегенмен Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мен Арнайы мониторингтік топтағы өріпестеріміздің белсенділігі мен бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қажетті тәртіпті қамтамасыз ете алдық. Мұндай шешімдерді қабылдау оңай емес. Талапкерлердің өлі бала екенін түсінеміз, десе де талапкерлерді ережені сақтауға, өз күшіне ғана сенуге үйрету - маңызды. Биылғы нәтижелер зор сенім ұялатады, келесі жылы бұл жағдай мүлдем басқаша болатынына сенімдімін. Өріпестерімізбен тестілеуді өткізу рәсімін жетілдіру керек деген қорытындыға келдік.

Цифрландыру дәуірінде комиссия құрамында бірнеше мың адамның болуын қамтамасыз ету үшін 1,5 миллиард теңге жұмсауға жол берілмеуі керек, оның үстіне бұны нәтижесі – тиімсіз. Сондықтан бұл рәсім заманауи протиринг пен бейнебақылау жүйесі қамтамасыз етілген электронды форматқа өтеді. Сұрақтардың мазмұны өлі де көңілсізден шарқпайды. Соңғы бірнеше жылда тестілеу сұрақтарының базасын жаңарту бойынша жұмыс жүргізілгендігіне қарамастан, сұрақтардың басым бөлігі өлі де қажетсіз фактілерді жаттап, есте сақтауға бағыттал-



ған. Содан кейін бірінші орынға сыни ойлау мен функционалдык сауаттылықты қоймаса, жаттанды апаратын автоматты түрде аяту арқылы оқу процесінің маңыздылығы жоғалады. Функционалдык сауаттылыққа мән беру және білімді өмірге қолданатын кез келді. Енді, алдымызда тестің базасын SAT, PISA секілді тестердің үлгісі бойынша толық жаңарту мәселесі тұр. Бұл мүлдем басқа сипаттағы тапсырмалар, яғни тесте жаттап алуға, көшіруге мүмкіндік бермейтін сұрақтар болуы керек. ҰБТ-ны мектептегі қорытынды емтиханға және жоғары оқу орнына түсу емтиханына бөлгеннен кейін қажетті құзырет-

тіліктерді бағалау тәсілдерін өзгерту бойынша да мүмкіндік тұды. Себебі ҰБТ мектепте алған білімін бағалау емес, жоғары оқу орнына түсуде өзі таңдаған мамандығы бойынша білім алуға деген дайындығын бағалау. Сауатты, өрі түсінікті сұрақтар. Бұл – алдағы уақытта атқаратын өте ауқымды әрі маңызды жұмыс. Аталған шараның барлығы алдын ала ғылыми деректердің негізінде сарапшылар мен педагогтердің талқылау арқылы қабылданыпты сөзсіз. Содан кейін ғана нақты шешім қабылданды. Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, Білім және ғылым министрі.

ЕНТ – ЭТО ГОТОВНОСТИ ОБУЧАТЬСЯ ПО ВЫБРАННОЙ СПЕЦИАЛЬНОСТИ В ВУЗЕ

Давно хотел написать этот пост, но решил выждать время, пока не улягутся эмоции по итогам ЕНТ-2020. Единое национальное тестирование в этом году было особенным. Главное, мы постарались максимально обеспечить его прозрачность и справедливость. И теперь, когда завершён конкурс на присуждение государственных образовательных грантов, можно спокойно подвести итоги. В прошлом году мы приняли решение об ужесточении правил ЕНТ, чтобы обеспечить академическую честность. Так появилась новая норма об аннулировании результатов тестирования, если будут обнаружены запрещённые предметы, при этом неважно, успел тестируемый ими воспользоваться или нет. Даже сама попытка проноса этих предметов влекла недопуск на экзамен. Раньше при попытке пронести запрещённые предметы они просто изымались у абитуриентов, когда они проходили через металлоискатель, но при этом их все равно допускали до сдачи тестирования.

Число таких нарушений доходило до 100-150 тысяч по всей стране. А если телефон обнаруживался во время экзамена, комиссия нужно было еще доказать, что тестируемый успел им воспользоваться. Все это приводило к снижению доверия к процессу проведения ЕНТ, и поэтому при составлении новых правил мы учли все эти моменты. В итоге число проноса запрещённых предметов на экзамен снизилось в 70 раз: в 2019 году было изъято 128 тысяч телефонов, в 2020 году – ок. 2500. Но при этом в 100 раз выросло количество фактов аннулирования результатов. За 128 тысяч фактов проноса запрещённых предметов в 2019 году были аннулированы результаты ЕНТ только у 24 абитуриентов, а в 2020 году – у всех 2500 человек, у которых были обнаружены запрещённые предметы. Да, снизилась и средний балл ЕНТ, и в процентном выражении намного снизилось число абитуриентов, набравших пороговый балл.



Но это та цена, которую мы должны были заплатить за академическую честность. За слабую организацию работы и нарушение правил проведения процедуры было наказаны члены и руководители КОМИССИИ. Нам пришлось ежедневно вносить изменения в составы комиссий при пунктах проведения ЕНТ, заменять или отстранять от этой работы недобросовестных коллег. Более того, в нескольких пунктах мы были вынуждены и вовсе отменить и перенести тестирование на другие дни из-за открытых и наглых попыток организации массовых нарушений. Это было в ВКО и Туркестанской области. Тем не менее, благодаря общим усилиям, активному участию коллег из Комитета по обеспечению качества в сфере образования (КОКСОН) и Специальной мониторинговой группы (СМГ АПК) и всех коллег помогающих организовать тестирование в таких не простых условиях, нам удалось обеспечить требуемый порядок. Кроме этого, несколько десятков абитуриентов были лишены грантов после просмотра видео процедуры сдачи тестирования за использование запрещённых предметов. Все эти решения даются непросто, мы понимаем, что это совсем молодые ребята, но тем не менее важно обеспечить соблюдение правил и приучить всех выпускников рассчитывать только на свои силы. Результаты даже первого года уже влекут оптимизм, уверен, что в следующем году будет совершенно иная картина. Коллегиально мы пришли к выводу о необходимости модернизации самой процедуры проведения ЕНТ.

В век цифровизации недопустимо тратить 1,5 млрд тенге на обеспечение качества в составе комиссий нескольких тысяч человек, тем более, что это не даёт должного эффекта. Поэтому процедура поэтапно перейдет в электронный формат с обеспечением современной системой прокторинга и видеонаблюдения. Боль-

шую критику вызывает и содержание вопросов в тестах.

Несмотря на то, что в последние годы проводилась работа по обновлению базы тестов, тем не менее часть вопросов все еще нацелена на зазубривание и запоминание фактов, причем не самых важных. И от этого теряется важность самого процесса обучения. Во главу угла должны быть поставлены критическое мышление и функциональная грамотность, а не автоматическое воспроизведение заученной информации. Нам предстоит решить вопрос по полному обновлению базы тестов по примеру западных SAT и PISA, когда оценивается функциональная грамотность и умение применять знания на практике. И это должны быть вопросы совершенно другого характера, которые невозможно зазубрить, а соответ-

ственно и списать. После того, как мы разделили ЕНТ на выпускные экзамены в вузы, появилась возможность рассмотреть вопросы по изменению подходов к оцениванию необходимых компетенций, так как ЕНТ – это оценивание не того, что он учил в школе, а готовности обучаться по выбранной специальности в вузе. Правильные и понятные вопросы. Это большая и очень серьезная работа, которую предстоит осуществить в ближайшие годы. Безусловно, все эти меры будут заранее обсуждены с экспертами и педагогами на основе научных данных. И только после этого будет принято окончательное решение. Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, Министр образований и науки.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ҚР АШМ 06.05.2015 ЖЫЛҒЫ №7-1/418 БҰЙРЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН «ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР СТАНДАРТТАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚР АШМ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ КОМИТЕТІНІҢ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ.

1. «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру»

Өтінші қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы.

2) «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz.www.elicense.kz веб-портал арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Көрсетілген қызмет алушы Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күнінен бастап немесе порталға жүгінгеннен бастап:

Орны ауыстырылатын тасымалданатын объектіні импорттауға, экспорттауға-4 (төрт) жұмыс күні ішінде, басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттарды қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік алып өтуге 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тірі жануарларды карантиннен өтуге күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде.

2. «Экспорттау кезінде орны



ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық сертификат алу»

Осы аталған мемлекеттік қызмет көрсету жеке және заңды тұлғаларға 1,2,3 формалы вет сертификат алу үшін өтініш қабылданған құжаттардың қортындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету:

1) ААИ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Министрлігі;

2) веб-портал «электрондық үкіметтің» www.egov.kz.www.elicense.kz

Жеке және заңды тұлғалар үшін тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығы жануарларын және жануарлардан алынатын өнім мен шикі зат өнімдерін, сонымен қатар ит және мысықтар Қазақстан Республикасының аумағынан тыс мемлекеттерге Көдендік Одақ ветеринариялық сертификаты мен тасымалданады. Қазақстан Республикасының ішкі аумағында тасымалдау кезінде ветеринариялық құжаттар мен ветеринариялық анықтама, ветпаспорт, жүктің ветеринариялық санитариялық сараптама актісі болу қажет. Ветеринариялық құжаттар болмаған жағдайда қатаң заң бұзушылыққа «Ветеринария туралы» Заңының 25-бабын бұзған жағдайда өкімшілік кодексінің 406-бабын бұзған болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады.

Сонымен қатар, жұмыс кестесі ҚР еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағ: 13.00ден 14.00-ге дейінгі үзіліс пен сағ:9.00 ден 18.00-ге дейін жүзеге асырылады.

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік қызмет көрсету орны мекен жаы:

Ойыл селосы, Жолмырзаев көшесі №18. Тел:2-18-49

ҚР АШМ ВБЖҚ Комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы.

## ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАР ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН БІЛЕ МЕ?!

Бұл сұрақты қоймас бұрын қызмет алушының құқықтарын айқындап алуымыз тиіс. Яғни, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңында көрсетілгендей көрсетілетін қызметті алушылардың:

1) мемлекеттік қызметтерді алу кезінде тегіне, өлеуметтік, лауазымдық және мүліктегі жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке тәндей қол жеткізуге;

2) мемлекеттік қызметтердің нақты тәртібі, мерзімдері мен нәтижелері көрсетілген толық, әрі анық ақпаратты алуға;

3) қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен шағымданауға;

4) заңнамаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағаз және (немесе) электрондық нысанда алуға;

5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру мақсатында нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылауларға қатысуға;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету саласында бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше жағдайлар көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең жағдайда ала алатындығын білуі қажет.

Жоғарыда баяндалғандай, қызмет беруші қызмет алушыға бағдарланп, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігін арттыру арқылы азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттыруға бағытталуымыз тиіс.

Бұл орайда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті (әрі қарай - Департамент) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бұзылу сұрақтары бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етеді.

Статистикалық деректерге сүйенетін болсақ, Департаментке қызмет алушылар көп жағдайда қызмет берушілердің мемлекеттік қызметтерді көрсеткен кезіндегі әрекеттері мен негізсіз бас тартулары бойынша шағымдар жазатыны белгілі.

Сонымен қатар, өтініш-шағымдардың мазмұнын талдау барысында көбіне азаматтар/заңды тұлғалар мемлекеттік органдарға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мен мүдделерін қорғау сұрақтары бойынша жүгінетіндігін көрсетті.

Мәселен, Департаментке жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылмауын қамтамасыз ету бойынша 2018 жылы – 26 өтініш, 2019 жылы 40 қызмет алушының өтініші қаралып, өтініш иелерінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілсе, 2020 жылдың 1 тоқсанында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласына қатысты 12 өтініш түсіп, тиісті шаралар алынды.

Қызмет көрсету барысында заң бұзушылықтарға жол берген лауазымды тұлғаларға тәртіптік жауапкершілікпен қатар ҚР ҚБ Кодексінің 465-бабы бойынша өкімшілік хаттама толтырылады.

Дегенмен де, қызмет алушылар өз деңгейінде өлі де болса өз құқықтарын білмейді деуге болады. Себебі, Департаментпен жүргізілетін бақылау шаралары кезінде қызмет алушылардың құқықтарының бұзылу деректері тіркеліп отырады (2020 жылдың бірінші тоқсаны өінде 46 дерек тіркелген). Яғни, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының бұзылу жағдайлары анықталып, сәйкесінше бұл деректер бойынша шаралар алынады. Көріп отырғаныңыздай, қызмет

алушы өз құқығының білмеуі салдарынан өз өтінішіне негізсіз бас тарту нәтижесін алуға.

Осындай жағдайда орын алған жағдайларда, қызмет алушы қызмет берушіге не мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – Департаментке шағым беруіне құқығы бар. Қызмет алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жазған шағымдары белгіленген тәртіппен қаралуға жатады.

Сонымен қатар, азаматтар «Digital agent» мобильді қосымшасын қолдану арқылы өз мәселесін жедел түрде шеше алады. «Digital agent» мобильді қосымшасы - өр қызмет алушы азаматтың оған көрсетілген қызметіне қанағаттануын айқындау мен алынған қызметтің сапасына қатысты өз пікірін ашық білдіру үшін енгізілген құрал.

Ендігі кезекте, егер Сізге қызмет көрсетуден бас тартса, қызмет көрсету мерзімі бұзылса, артық құжат талап етілсе, осы мобильді қосымша көмегі пайдалана аласыз.

Қызмет алушылар қандай да бір мәселесіне қатысты бұрынғыша хат жазып, оны жолдап, уақыт кетірейтін болды. Бар болғаны ұялы смартфонға қатысты өз пікірін білдіру болса, Департамент азаматтардың мәселелерін барынша жедел түрде шешуге көшті. Қазіргі таңда тұтынушының өр пікірі мен бағасы біздің бақылауымызда.

Тұтынушыларға бағытталған нарықта өр білдірілген пікірге қатысты орын алған кемшіліктер мен олқылықтарды жойып, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласы бойынша қызмет алушылардың құқықтарын қорғау мақсатында жұмыстарды атқаруда.

Мемлекеттік көрселетін қызметті алу тәртібі туралы ақпарат 55-09-42 телефон нөміріне хабарласу арқылы ала аласыздар.

**Нұркамал ШАМИШЕВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің бас маманы, Ақтөбе қаласы.**

## ҚАЗАҚСТАНДА 40 МЕКТЕП МҰҒАЛІМІ MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫНАН СЕРТИФИКАТТАЛҒАН «ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГ-САРАПШЫ» МӘРТЕБЕСІН АЛДЫ

Білім беру саласындағы «Microsoft Innovative Education Expert» халықаралық бағдарламасы аясында қазақстандық 40 мектеп мұғалімі конкурстық іріктеуден өтіп, Microsoft корпорациясы іріктеп алған өлемнің үздік инновациялық педагог – сарапшыларының қатарына енді. Халықаралық бағдарламаның құрамына өлемнің түкпір-түкпірінен миллионнан астам мұғалімдер кіреді, олар XXI ғасырдың суранысқа ие дағдыларын дамытуға бағытталған өріптестер мен оқушылар арасында білім беруде заманауи технологияларды тиімді енгізгені және қолданғаны үшін Microsoft тарапынан танылды.

Бүгінгі таңда инновациялардың рөлі білім берудің жоғары сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде шешуші болып табылады. Қазіргі заманғы мұғалімдерге білім берудің инновациялық жүйесін игеру қажет, сонымен қатар өздерінің және оқушыларының цифрлық дағдылары мен қабілеттерін арттыруы, білім беру процесінде заманауи цифрлық технологияларды қолдануы керек, бұл оқылудың жоғары сапасы мен білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз етеді. Microsoft білім беру саласында ғаламшардағы өрбір оқушыға үлкен жетістікке жетуге көмектеседі.

Мұғалімдерге арналған кәсіби даму бағдарламаларында Microsoft өз жұмысында білім берудегі сандық өзгерісті алға жылжытатын, өз мамандықтарындағы жаңалықтарды үнемі үйреніп, дамып, студенттердің өмірін шабыттандыру және өзгерту үшін бірге жұмыс істейтін өркендеген халықаралық мектеп мұғалімдерінің қауымдастығын белсенді қолдайды. 2020 жылдың жазында компания инновациялық педагог – сарапшыларды сертификаттау мен дамытудың «Microsoft Innovative Education (MIE) Expert 2020-2021» халықаралық бағдарламасына Қазақстан мектептерінің жыл сайынғы байқауын және мұғалімдерін қабылдауды жариялады. Қазақстандағы мұғалімдерден конкурстық іріктеуге қатысуға барлығы 1500-ден астам өтінім түсті.

«Microsoft Innovative Educator (MIE) Expert бағдарламасынан өткен мұғалімдер өз оқушыларын оқытуда сапалы, инновациялық әдістерін қолдана жетекші мұғалімдер болып табы-



Microsoft Innovative Educator



лады, олар үнемі кәсіби дамудың заманауи тәсілдерін іздейді. Олар студенттерге болашақ оқуда, өмірде және мансапта жетістікке жетуге бағытталған дағдыларын дамытуға шабыттандырады және көмектеседі»,- деп атап өтті Microsoft Қазақстан білім беру бөлімінің басшысы Нұрлан Жәнібек.

«Microsoft Innovative Education (MIE) Expert» инновациялық педагог – сарапшыларды сертификаттау және дамытудың халықаралық бағдарламасы мұғалімдерге жыл бойы қол жетімді, бірақ ресми іріктеу өр жылдың жазында байқау қорытындылары жарияланып өткізіледі.

Үміткерлерді Microsoft аймақтық өкілдері білім беру саласында конкурстық іріктеудің арнайы критерийлері негізінде іріктеді, олар: ұсынылған сауалнамадағы жауаптардың мазмұны мен сапасы, оқу процесінде білім беру үшін Microsoft технологиясының жаңашылдығы мен қолданылу деңгейі; сондай-ақ үміткер өзінің жауаптарында оның бағдарламаға қатысуы оқушылардың дамуына және өзінің кәсіби жетілуіне қалай есер етуін қаншалықты егжей-тегжейлі сипаттағаны.

Инновациялық сарапшы-оқытушылардың біліктілігі мен мансаптық өсуіне Microsoft көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Олар инновацияларды қамтудағы үлкен өлемге ийгілі оқытушылармен және мамандармен тәжірибе бөлісе алады, Microsoft сандық қосымшаларын жасаушылармен фокус-топтарға және жаңа функцияларды тестілеуге қатыса

## 40 УЧИТЕЛЕЙ ШКОЛ В КАЗАХСТАНЕ ПОЛУЧИЛИ ОТ КОРПОРАЦИИ MICROSOFT СТАТУС - СЕРТИФИЦИРОВАННЫЙ «ИННОВАЦИОННЫЙ ПЕДАГОГ - ЭКСПЕРТ»

В рамках международной программы в сфере образования «Microsoft Innovative Education Expert» 40 учителей казахстанских школ прошли конкурсный отбор, и вошли в число отобранных корпорацией Microsoft лучших инновационных педагогов – экспертов мира. В состав международной программы входят более миллиона учителей со всей планеты, которые получили признание Microsoft за эффективное внедрение и использование современных технологий в образовании среди коллег и учеников, направленных на развитие востребованных навыков XXI века.

Роль инноваций сегодня является определяющей в обеспечении высокого качества и конкурентоспособности образования. Современным педагогам необходимо владеть инновационной системой знаний, повышать как собственные цифровые навыки и умения так и своих учеников, применять современные цифровые технологии в образовательном процессе, чтобы обеспечить высокое качество в обучении и доступность образования для всех. Microsoft в сфере образования помогает каждому учащемуся на планете достигать большего. В своих программах профессионального развития для учителей Microsoft активно поддерживает процветающее международное сообщество увлеченных преподавателей школ, которые в своей работе продавигают цифровую трансформацию в образовании, постоянно учатся новшествам в своей профессии, развиваются и работают вместе, чтобы вдохновить и изменить жизнь своих учеников. Летом 2020 года компания объявила ежегодный конкурс и набор учителей школ Казахстана в международную программу сертификации и развития инновационных педагогов – экспертов «Microsoft Innovative Education (MIE) Expert 2020-2021». Всего от учителей Казахстана было получено более 1500 заявок на участие в конкурсном отборе.

«Педагоги, которые прошли программу Microsoft Innovative Educator (MIE) Expert, являются учителями лидерами в применении современных, инновационных методов преподавания и обучения своих учеников, они постоянно ищут современные способы профессионального развития. Они вдохновляют и помогают



Microsoft Innovative Educator



ученикам развивать навыки и умения будущего, которые помогут им добиться успеха в учебе, в жизни и в конечном итоге, в карьере»,- отметил Нурлан Жәнібек, руководитель отдела по работе в сфере образования, Microsoft Казахстан.

Международная программа сертификации и развития инновационных педагогов – экспертов «Microsoft Innovative Education (MIE) Expert» для учителей открыта круглый год, но официальный отбор проводится летом каждого года с публикацией итогов конкурса.

Кандидаты отбирались региональными представителями Microsoft в сфере образования на основе специальных критериев конкурсного отбора, таких как: содержание и качество ответов в представленной анкете, уровень инноваций и использование технологий Microsoft для образования в учебном процессе; а также насколько подробно кандидат описал в своих ответах, как его участие в программе повлияет на развитие учеников и собственное профессиональное совершенствование.

Перед инновационными педагогами-экспертами Microsoft открывается много возможностей для повышения своей квалификации и карьерного роста. Они могут делиться опытом со всемирно известными преподавателями и специалистами для расширения охвата инноваций, смогут принимать участие в фокус-группах с разработчиками цифровых приложений Microsoft и в тестировании новых функций; вместе с командой

Microsoft командасымен бірге білім беру саласындағы түрлі іс-шараларға, сондай-ақ Microsoft халықаралық вебинарларына қатыса алады. Мұғалімдер презентациялар мен баяндамалар, тренингтер және (немесе) коучинг өткізу, сондай - ақ өріптестерін Microsoft білім беру қоғамдастығына қатысуға шақыру арқылы өз тәжірибелерімен бөлісе алады және өріптестерінің басқа оқытушылардың (мектепте, округте немесе оқу іс-шараларында) біліктілігін арттыруға қатыса алады.

«Қазақстан өгеменді мемлекетінің мұғалімі ретінде мені оқушыларды тәуелсіз болуға, білім алуға және ертеңгі күнге бағдарлауға үйрету үшін не істей аламын деген сұрақ қатты алаңдатады. Бүгінгі таңда заманауи технологияларды, аудио-визуалды құралдарды, интернет – ресурстарды, электронды оқылықтарды қолдану оқулық шеңберін кеңейтуге, оны бейнелі түрде ұсынуға, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, сабақтарды жоғары эстетикалық деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз - оқушыларды оқуға үйрету, тәуелсіздікке үйрету, білім алуға үйрету»,- деп атап өтті Искакова Диляра Ахметханқызы, Microsoft (MIE) инновациялық педагог-сарапшысы, бастауыш сынып мұғалімі, «Шоқан Уәлиханов атындағы жеке меншік мектеп».

Быыл өлемнің түкпір-түкпірінен 20 000-нан астам мұғалім «Microsoft Innovative Education (MIE) Expert 2020-2021» бағдарламасы бойынша конкурстық іріктеуден өтті.

### 2020 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Көптоғай ауылдық округі өкімінің аппараты ММ	Асылбаев Ерлан Базарбайұлы Округ өкімі	Әр аптаның сәрсенбі күндері. 02.09, 09.09, 16.09, 23.09, 30.09, Уақыты: сағ.-10:00 ден – 12:30 ға дейін	Көптоғай ауылы, Достық көшесі №6	74-5-23

### САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНА ЖЕКЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарбие ауылдық округі өкімінің аппараты ММ	Д. Бисебаев Сарбие ауылдық Округ өкімі	Қыркүйек: 2,4,9,11,16,18	Жастар көшесі № 11	35-2-20

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірін редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1595 дана. Тапсырыс №1158 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ЕРКІН – ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕРТЕНІ



Өткен тарихымызға көз жүгіртсек, зерделесек, еліміздің біртуар дарынды азаматтары бала жастан-ақ көзге түсіп, ерекшеленген. Ел-жұрт, атанасы қамқорлыққа алып, үкілеп, белек қабілетіне орай сұңғыла молдаға оқытып, жан-жақты, терең білім алуына барлық жағдай жасаған.

ты мұғалімдіктен бастаған Еркін 2003 жылдан 2007 жылға дейін Қобда ауданы өкімі аппаратының бөлім басшысы, 2007 жылы осы ауданда И.Құрманов ауылдық округінің өкімі, сол жылы Қобда ауданы өкімінің орынбасары қызметін атқарды.

ған аудандық мәслихаттың депутаты. Партия Съезінің делегаттары қатарында бірнеше рет болып, белсенділік танытты.

«Нур Отан» партиясы Ақтөбе облыстық филиалы Саяси Кеңесінің мүшесі. Партияның облыстық филиалы жанындағы пул-спикерлер тобы мен медиа топ мүшесі.

Еркін Жұмағазыұлы Жиеналиннің аудан экономикасының дамуына үлес қоса жүріп, жұмыссыздықпен күрес, жастар арасындағы елжандылық рухындағы жүргізген жұмыстары біршама.

Еркін - Ойыл өңірінің төл тумасы. Ол аудан халқының тұрмыс-жағдайын, ел тарихын жақын біледі. Қайырымдылық шараларын ұйымдастырып қана қоймай, өзі де үлес қосудан ешқашан қалыс қалған емес.

Еркін қазіргі заман талабына сай өлеуметтік желіде де белсенділік танытады. БАҚ құралдарын тиімді пайдаланып, «Мен кімін?», «Сенім. Нақты іс. Нәтиже», «Қордалы мәселе: қоғамның айтары бар» т.б тақырыптарға дебат, тікелей эфирлерге шығу-үміткердің табандылығы, батылдығы мен шынайылығын көрсетеді.

Еркін Жұмағазыұлы - өзінің еңбекқорлығы, жаңалыққа жаны құмарлығы, еркіндікке ұмтылуы, адамгершілігі жоғары азамат ретінде танымал тұлға. Еркін шығармашылықпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданады. Аудан, облыс көлемінде ақын, сазгер болып танылған. Екі бала тәрбиелеп отырған үлгілі өке.

Егемен еліміздің Еркіндей ертеңіне Мағжан Жұмабайұлы: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты Қырандай күшті қанатты. Мен жастарға сенемін!» - десе, біз де осындай азаматтарға үміт артқымыз келеді.

Саламат ШАҒАЛА, «Нур Отан» партиясының мүшесі, Кандидаттың сенімді өкілі.

АЙНАЛАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫ - АУЫЛДЫҢ АБЫРОЙЫ

АУДАНДЫ КӨРКЕЙТУ, ҚОҚЫСТАН ТАЗАРТУ МАҚСАТЫНДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «ТАЗАЛЫҚ» АҚЦИЯСЫ ЖҮРГІЗІЛДІ. ЖАСТАР БҮЛ ЖҰМЫСҚА БІЛЕКТИ ТҮРІП, ЖҰМЫЛА КІРІСТІ. БАСТАПҚЫ КҮНІ АУДАНҒА КІРЕ БЕРІС ЖОЛДЫҢ ЖИЕКТЕРІНЕ ШАШЫЛҒАН ҚОҚЫСТЫ ЖИНАСТЫРСА, КЕЙІН ОЙЫЛ ӨЗЕНІНІҢ «АШЫҚ-БАЙ» ТҮСЫНДАҒЫ ЖАҒАЛАУЫНЫҢ ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ҚОЛҒА АЛДЫ.

Жағалаудың жағдайы көпшілікке айтпаса да белгілі. Жаз мезгілінде демалу мақсатында барып, өзен жағалауын ластап кеткен тұрғындар екені де рас. Оғар қоса «Сейісай» сайына да тазалық жұмыстары жүргізілді. Ауданның көркін ғана бұзып қоймай, табиғатына да әсер ете бастаған бұл қоқыстар аспаннан жауып тұрған жоқ. Келеңсіз жағдайды өзіміз туындатып отырмыз. Туған жер табиғатының тазалығы біз бен сіздің абройымыз. Тазалықты өзімізден бастайық.

Туған жердің ауасы да шипа. Қоқысты шашуды жалғастыра берсе, шипа түгілі таза ауаға зар болып қалмасымызға кім келіпті!

Тобықтай түйін: тазалық жүргізу жастардың айтары: - «Өз еліміздің басы болмасам да, сайынның тасы болайын» - деген әрбір азамат өз ауылын өз үйіндегі көруі тиіс. Тазалығына жаны ашып, жүрегі ауауы шарт! Әз ауылымызды өзіміз тазалауық бізге ешкім таза ауданды, ауылды өкпе бермейді».

Нұрсұлтан ЖУМИН, Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының психологы.

Ойыл селосы, Ақшатау ауылының тұрғыны, Асқар тау өкешіміз Жұмағалиев Аппамыс Сапарұлын 49 мүшел жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! ... Заманбек-Таңшолпан, балалары Айдос, Таңай, Жандос, Ерасыл.

ОНЛАЙН БАҚЫЛАУ - КАССА МАШИНАСЫН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ

Ойыл ауданы бойынша кірістер басқармасы, онлайн-БКМ чектерінде көрсетілуге жататын мәліметтерге қатысты іс-шараларды жүргізу бойынша, келесіні хабарлайды:

- 1) салық төлеушінің атауын; 2) салық төлеушінің сөйкестендіру нөмірін; 3) БКМ зауыттық нөмірін; 4) БКМ салық органындағы тіркеу нөмірін; 5) чектің реттік нөмірін; 6) тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жасалған күні мен уақытын; 7) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бір бірлігі үшін бағасын; 8) фискалдық белгіні; 9) деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар БКМ бақылау чегінің төлнұсқалығын тексеру үшін фискалдық деректер операторының атауын және фискалдық деректер операторы интернет-ресурсының деректемелерін; 10) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауын; 11) сатып алынатын тауардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің санын, олардың өлшем бірлігін; 12) тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасын; 13) егер салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші болып табылса – тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілген қызметтерді өткізу бойынша, қосылған құн салығы салынатын айналымдар жөніндегі мөлшерлемені көрсете отырып, қосылған құн салығының сомасын; 14) БКМ пайдаланылатын жердің мекен жайын; 15) БКМ чегі туралы ақпаратты кодталған түрде қамтитын штрихкодты қамтуға тиіс.

АРДАГЕРЛЕР ТУРАЛЫ

2020 жылдың 6 мамырында «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының №322-VI Заңы қабылданды. Осыған байланысты 2020 жылдың 18 мамырынан бастап арнаулы мемлекеттік жәрдемақының жаңа түрлері бекітілді:

- Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Тәжік - Ауған аумағында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы шекарасын қорғауды күшейту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған әскери қызметшілерге; - Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерге; - Таулы Қарабахтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСРО Одағы мемлекеттік қауіпсіздік және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының адамдарына. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 13 335 теңгені (4,8 айлық есептік көрсеткіш) құрайды. Жәрдемақыға өтініштер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының бөлімдерінде және «Egov» электронды порталында қабылданады.

О ВЕТЕРАНАХ

6 мая 2020 года был принят Закон Республики Казахстан №322-VI «О ветеранах». В связи с этим с 18 мая 2020 года утверждены новые виды специальных государственных пособий:

- Военнослужащим Республики Казахстан, выполняющим задачи согласно межгосударственному договору и соглашениям по усилению охраны границы Содружества Независимых Государств на Таджикисто-Афганском участке; - Военнослужащим Республики Казахстан, принимавшим участие в качестве миротворцев в международной миротворческой операции в Ираке; - Военнослужащим, а также лицам начальствующего и рядового состава органов внутренних дел и государственной безопасности бывшего Союза ССР, принимавшим участие в урегулировании межэтнического конфликта в Нагорном Карабахе. Размер специального государственного пособия составляет 13 335 тенге (4,8 месячных расчетных показателей). Заявления на пособие принимаются в отделе филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Актюбинской области и на электронном портале «Egov». Кроме этого, получателям специальных государственных пособий выдается справка с указанием вида выплаты, для подтверждения статуса ветерана. По всем вопросам можно обращаться в единый колл центр 1414 или 1411. Отдел Ульско-района по социальному обеспечению филиала некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Актюбинской области

ЕСКЕ АЛУ

Талтоғай елді мекені Садықов Рахметолла (17.01.1940 ж – 13.09.2003 ж) Жан өке, ұл-қызының тірегі едің. Тірі болсаң 80 жасқа келер едің. Болмасаң да бүгін Сіз жанымызда. Айтқан сөзің, жарқын бейнең жаздымызда. Бейтеректей еулетке жас болған, Бәрінен де мейірімін аямаған. Жанната жаның болсын, рухың биік, Өзінде қайда бізге ауялы адам. Еске алушылары: зайыбы, бала-келіндері, қыз-күйеу балалары, кенже ұл-қызы Медет, Аманжол, немере, жиендері.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Шомпақовтар еулетіне ауялы аналары Жәмилаңың қайтыс болуына байланысты, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтамыз.

ПОЛИЦЕЙЛЕР ОТБАСЫ

ОТБАСЫ – АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ӨСП-ӨНЕР, ҚАЗ ТҮРЫП, ҚАНАТ ҚАҒАР ОШАҚ ҚАСЫ, АЛТЫН БЕСІГІ ҒАНА ЕМЕС, ОЛ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ. ОНЫҢ ӨЗ ЗАҢЫ, ӨЗ ҚАҒИДАЛАРЫ БОЛАДЫ. СОЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕСІН БЕРІК ҚАЛАП, ТЕРЕЗЕСІН ӨЗГЕЛЕРМЕН ТЕҢЕСТІРІП УСТАУ ҮЙДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ ІР МҮШЕСІНЕ ТІКЕЛІ БАЙЛАНЫСТЫ. ОТБАСЫНДА ӨКЕ МЕН АНАНЫҢ ЖЫЛУЛЫҒЫ ЕРЕКШЕ СЕЗІЛГЕН ШАҢЫРАҚТА ӨСКЕН БАЛА РУХАНИ МҮГДЕК БОЛМАЙТЫНЫ АҚИҚАТ.



Бүгіндей бір отбасының тұтқасын берік ұстау, үйдегі отағасы мен жарының көрегенділігін арқасы. Көпшілік үлгі тұтып, сыйлайтын отбасылардың бірі Қоғабаетов отбасы. Ауданымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ел ішінде тәртіпті жіт назарда ұстауда талмай қызмет етіп келе жатқан Қоғабаетов отбасы татулық пен берекеге толы шаңырақ. Адам өмірі мен ел тыныштығын қылмыскерлердің құрығынан сақтап келе жатқан отбасындағы жолдасы мен жұбайы бүгінде бір салада қызметтерін ұштастырып отыр. Отағасы Жөнбек Айдынгалиұлы мен жолдасы Марал Ғалымжанұлы Ойыл ауданында полиция бөлімінде қызмет етіп келе жатқан-

дарына ұзақ жылдар болды. Берекелі отбасының ізін жалғаған ізбасарлары да өке мен ана салған сара жолды жалғауға ниетті. Адам өмірі мен ел қауіпсіздігін қорғау жолында талмай еңбек етіп, қызметі мен отбасын қатар алып келе жатқан Жөнбек Айдынгалиұлы 1970 жылы Ақтөбе облысы Темір ауданында дүниеге келіп, ерте тән өр мінезділігімен Жамбыл облысынан отан алдындағы адал борышын өтеп қайтты. Одан өрі білімін жетілдірмекке «Қайнар» университетіне түсіп, заң факультетін бітіріп шықты. Еңбек жолын Ойыл аудандық ішкі істер бөлімінде уақытша ұстау изолятордың жүргізушісі болып бастаған. Уақыт өткенде келе аталған бөлімнің

уәкілеті полиция инспекторы, жол полиция аға инспекторы сынды қызметтерді аброймен атқарған. Ойыл ауданындағы полиция бөлімінде қызметте жүріп, 2001 жылдың тамы айында шаңырақ көтеріп, қазіргі таңда екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отырған ардақты өке, қамқор отағасы. Бүгінде Жөнбек Айдынгалиұлы аудандық полиция бөлімінің криминалист маманы болып қызмет атқарып жатыр. Қызметтік шені полиция майоры, талмай қылмыстың алдын алып, бұзақылардың жолын кескен Жөнбек Айдынгалиұлының ішкі істер органында қызмет еткеніне 20 жыл толды. Осы жылдар аралығында елдің алғысына бөленіп, түрлі марапаттардың иегері

де болды. Аудан тыныштығын кірпік қақпай күзетуде Жөнбек Айдынгалиұлының жары Марал Ғалымжанұлы да еңбегі орасан зор. Отбасы, ошақ қасы мен бала тәрбиесін, жауапты қызметін қатар алып жүрген батыр ана, аяулы жар. Жолдасымен бірге Тәуелсіз елдің тыныштығын қадалаған Марал Ғалымжан Ойыл ауданы Сарбие ауылында дүниеге келген. Алғашқы оқу жолын Ақтөбе педагогикалық колледжін аяқтағаннан кейін «Қайнар» университетінің заң факультетін бітіріп, Ойыл ауданының ішкі істер бөлімінде паспортқа қызметінде жүріп кейіннен жасы көмілетке толмағандар істері жөніндегі аға инспекторы, аға анықтаушы сынды қызметтерді атқарып келе жатқанына 25 жыл болды. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін қызметте еңбегі ескеріліп арнайы марапаттармен марапатталды. Қызметтік шені подполковник. Ұзақ жылдар бойы Ойыл аудандық полиция бөлімінде қызмет атқарып келе жатқан Марал Ғалымжан «Отбасы мүшелерінің бір салада қызмет атқарып келе жатқаны өзара түсіністікті арттырады. Ел тыныштығы мен отбасы берекесін сақтауда қызметіміздің бір арнада тоғысқаны да себеп болды», - дейді. Бүгінде ардақты өке мен аяулы аның жолын қуған үлкен ұлы Нұрбек Жөнбекұлы Қазақстан Республикасы ішкі істер министрілігі Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына оқуға түскен. Ол қазіргі таңда 2-курс курсант. Сонымен қатар, қызы Аделя мен кіші ұлы Сұлтанбектің де мектеп қабырғасында жүріп-ақ құқық қорғау саласына қызығушылықтары жоғары. Болашақта өке мен аның сара жолын жалғауды арман етеді. Өзгені өмірін өз өмірінен жоғары қойып, күн-түн демей қызмет етіп келе жатқан отбасы мүшелері көпшілікке үлгі беретін қанатты шаңырақ. Қызметтік жолда қанаттары талмай қажырлы өнектің берекесін көріп келе жатқан Қоғабаетов отбасы ерекше мақтауға лайықты.

Венера АСҚАРҚЫЗЫ .

ЕШНИАЗ ИШАН МЕШІТІ



Ұлан байтақ еліміздің дархан даласында бәрі біле білмейтін құпиялар көп. Кімдер келіп, кімдер кетпеді, бұл ұлы далаға! Қазіргі заманда ашылмаған сырмен өз уақытын күтіп жатқандай. Соның бірі Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Аққұдық аулының «Еш-нияз Ишан» мешіті.

Еш-нияз Ишан атамның ауылы - Аққұдық, Ойыл ауданы мен Темір ауданының шекаралары тоғысқан жерде орналасқан. Ауыл мекені «Аққұдық» сонау ғасырларда Әлімұлы, Кете оның ішінде Әлімбет өулетінен тараған. Аққұдықтың табиғаты өдемі, қызғалдағы мен жусаны мұңкіген жайқалған бұлақтың басы - Ақшат тауының баурайында орналасқан.

Сонымен қатар, сол замандағы адамдардың ақылдылығы және жердің рельефин қолдана білгендігі, яғни бұлақтың аққан көліне күрші екендігі. Осы ауылда Пұсырман атты көрпек, шөппен кісі қарайтын емші тұрған. Сол кісінің 1820-70 жылдар аралығында Еспай, Еш-нияз атты ұлдары болған. Еш-нияз атты баласы ауыл молдасынан білім алып, молдалық етіп жүреді. Өзінің білімі тайыздау екенін аңғарып, өкесінің рұқсатымен сонау Бұхара, Ишан - қала (сол замандағы ірі, дини-білімі орталық) деп аталатын Өзбек еліне оқуға кетеді. Ол заманда керуендер жібек жолымен қатынаған. Сол Өзбек елінде 25 жыл оқып, «Ишан» дәрежесін алып елге оралады.

Еш-нияз Ишан атамның ауылы - Аққұдық, Ойыл ауданы мен Темір ауданының шекаралары тоғысқан жерде орналасқан. Ауыл мекені «Аққұдық» сонау ғасырларда Әлімұлы, Кете оның ішінде Әлімбет өулетінен тараған. Аққұдықтың табиғаты өдемі, қызғалдағы мен жусаны мұңкіген жайқалған бұлақтың басы - Ақшат тауының баурайында орналасқан.

Ауылға келе жатқан жолаушы ол жерді бірден байқамай, таба ала алмай қалуы мүмкін. Баяғы заманда ұры - қарақшы, барымташылар айдаған малымен түнімен адасып, таң ата сол ауылдың іргесінде айналып жүргендерін байқаған. Бұл дегеніміз осы жердің кез-келген арамға таптыра бермейтін киелілігінде!

айтады. Мешіттің төбесін ашып өзін соның ішіне жерлеуді сұрайды. Өкесінің өсиетін орындап, сол жерге жерлеп (яғни Аққұдыққа), балалары және ағайын-туғалары 1927 жылы елден көшеді. Алдымен Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан елдеріне өтіп, Ауған шекарасына келіп тоқтайды. Жаңа үкімет жауып тастайды деп қауіптенді және де сонындағы ұрпақтарының болашағының қан тазалығын ойлап, кейін қайтады. Бірақ елде көп отыра алмайды, содан Ресей жеріне, соның ішінде Башқұртстан, Татарстан еліне кетеді. Қиын, ауыр, ашытық заман басталып, шытырманға толы оқиғаларды бастан өткізеді. Адам баласы бұрын көрмеген, талай боздақтар кеткен зулым соғысты бастарынан өткізіп, 1956 жылы Еш-нияз Ишан атамның ұрпақтары асқан ерлік көрсетіп өз еліне оралады. 1998 жылдары Еш-нияз ишанның үлкен немересі Ғұбайдолла Убниязұлы, яғни, менің өкем - Еркеков Жусан, лақаб аты «Қазақ молда» болған. Сонау Орынбор облысы, Соль-Илеқ ауданынан өкеліп, атасының жанына, яғни Ойыл ауданы мен Темір ауданының бұрышында орналасқан «Аққұдық» жеріне жерленеді, ол өзінің өсиеті, тілегі еді.

Қазірде Ишан ата жатқан мешіттің басына білетін адамдар барып мал сойып, Құран бағыштап, атаның басына түнейді. Менің ата-анам да біздерді алып сонау 60-жылдардан бері басына барып мал сойып, балаларына ата жайлы неше түрлі өңгімелер айтып, құран бағыштап тұрамыз. Атамыздың өруағы артындағы ұрпақтарын, елін қорғап, қолдап жүрсін!

Рабиға ЖУСАНҚЫЗЫ, Еш-нияз Ишанның шебересі.